

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**8D02301 - ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАННЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Костанай, 2020

Мазмұны

Кіріспе	4
Негізгі бөлім.....	5
Емтихан сұрақтарының тізімі.....	9
Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.....	11

Кіріспе

Жалпы ереже мен талаптар PhD докторын даярлау бағытының жалпы сипаттамасы

Докторларды даярлау МЖЖКМБС 31.10.2018 ж. № 604, «Қазақстан Республикасы бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтарының классификаторы» МЕ сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Докторантурада мамандарды даярлау мынадай бағыт бойынша жүргізіледі:
- ғылыми және педагогикалық.

Түлектердің біліктілік мінездемесі

8D02301 Қазақ филология мамандығының түлектеріне - (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесі беріледі.

Кәсіби қызмет түрлері.

8D02301 Қазақ филология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы келесі кәсіби қызмет түрлерін орындайды:

- педагогикалық;
- өндірістік-басқару;
- ғылыми-зерттеу.

Қызметтің нақты түрлері жоо әзірлеген кәсіптік білім беру бағдарламаларының мазмұнымен айқындалады.

Оқу мерзімі

Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік ұзақтығы (PhD) докторантура үшін 3 жылды құрайды.

Оқуға түсушілер дайындығына қойылатын талаптар

Докторантура – магистратура білім беру бағдарламасын меңгеруге талаптанған тұлғалар білімдерінің алдын-ала кіші деңгейі.

Докторантураға азаматтарды қабылдау тәртібі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымындағы қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес белгіленеді.

Оқуға түсушінің магистратура - жоғары оқу орнынан кейінгі мемлекеттік үлгідегі құжаты болуы керек.

Конкурстық іріктеу талаптары

Докторантураға қабылдау Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының докторантурасына қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес жүзеге асады.

Кешенді емтиханға енгізілген пәндер:

- **Тіл білімінің өзекті мәселелері**
- **Әдебиеттанудың өзекті мәселелері**
- **Ақпараттық дәуірдегі мәтін**

Негізгі бөлім

Пәндер мазмұны

Тіл білімінің өзекті мәселелері

1. Қазіргі замандағы тіл біліміндегі жүйе мен құрылым түсініктері.

Тіл білімінің негізгі мәселелері. Тіл білімі нысанының мәселелері, тіл мен сөйлеудің, тіл мен ойлаудың, тіл мен ақиқат-шындықтың, мағына мәселелерінің арақатынасы. Тілдің жүйесі мен құрылымы түсінігі. Заманауи лингвистикалық ғылым парадигмасындағы қазақ тіл білімі. Европалық, америкалық, орыс және қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық бағыттар. Қазіргі қазақ тіліндегі белсенді үрдістер. Тілдегі норма және тіл бірліктерінің вариациясы. Қазақ тілінде сөйлеу кезіндегі өзгерістер. Лексиканың дамуындағы, фразеологиядағы, сөзжасам жүйесіндегі, морфологиядағы және синтаксистегі негізгі тенденциялар. Ауызекі, кітаби және жазбаша, ауызша тілдегі өзара байланыстар.

2. Тілдік қарым-қатынастағы құрылым. Қазақ тілтануындағы жүйелік-құрылымдық және функционалдық бағыттар. Қазақ тілін танытудың мінездемесі мен зерттеудің әдістері. Қазақ тілінің ғылыми және оқу-құралдық моделдері. Қазақ тілінің ЖОО мен мектеп оқулықтарындағы сипаттамасы. Жүйе мен құрылым түсінігі. Жүйенің белгілері. Жүйе, деңгей, код, норма, модель. Жүйелік қалыптың типологиясы. Құрылым: онтологиялық бағыттық, гносеологиялық бағыттық және тілдік қатынастар (деңгейаралық, деңгейішілік).

3. Статика және жүйе. Даму динамикасы мен функция динамикасы Статика мен динамика және синхрония мен диахрония. Даму: Тілдегі өзгерісті дайындау және оның эволюциясы. Функциялау: тіл бірліктерін өндіру және қолдану.

4. Қазіргі заман лингвистикасының негізгі ғылыми ұстанымдары. Жүйелік, экспансионизм, антропоцентризм, этноцентризм, экспланаторлық, функционализм, когнитивизм, интеграция ұстанымы.

5. Қазақ тіл біліміндегі номинативті теориялар мен олардың қазіргі тіл білімі парадигмасындағы орны. Номинативті деривация теориясы. Сөйлеу әрекетіндегі номинация теориясы. Қазақ синтаксисін сипаттаудың және оның логика-синтаксистік бірліктері негізінің когнитивті-номинативті моделі

6. Сөйлеу әрекетінің теориялары. Сөйлеу әрекеті адам әрекеті формасы ретінде. Сөйлеу әрекетінің семантикалық аспектісі. Сөйлеу әрекетінің грамматикалық аспектісі. Сөйлеу әрекетінің фонетикалық аспектісі. Сөйлеу әрекетінің лингвистикалық пайымдаулары. Сөйлеу әрекеті, сөз және тіл. Тіл жүйесі мен сөйлеу әрекетінің арақатынасы. Тіл мен сөйлеу әрекетінің функциялары. Интегративті лингвистикадағы тіл мен сөйлеу біртұтастығы.

7. Тіл біліміндегі «тіл-сөз» мәселесі. Тіл мен сөз функциялары Тіл жүйесі мен сөйлеу әрекеті. Тіл мен сөзді шексіздендірудегі әртүрлі көзқарастар. Тіл мен сөздің арасындағы функцияларды бөлу. Сөз мәдениеті және тілдік норма.

8. Когнитивті лингвистика. Когнитология (когнитивистика) және когнитивті лингвистика тарихы. Когнитивистика және когнитивті лингвистиканың (КЛ)

пәнаралық мінездемесі. КЛ бірліктері, когнитивті категориялар мен когнитивті процестер. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері.

9. Сөйлеу актілерінің теориялары. Сөйлеу коммуникациясының моделі. Сөйлеу коммуникациясының психологиясы. Адамдар коммуниқалдығының негізгі түрлері. Сөйлеу актілерінің стандартты теориялары. Иллокутивті күш пен коммуникативті мақсат. Сөйлеу актілерінің теориясының нысаны ретіндегі иллокуция. Сөйлеу актілерінің классификациясы мен етістіктер. Сөйлеу актілерінің теорияларындағы аналитикалық әдіс. Перформативтер мен констативтер.

10. Функционалды лингвистика: оның нысаны, көзқарасы, бағыттары. Функция мен функциялау түсінігі. Функционалды көзқарас тұрғысы мен функционалды теориялар.

11. Коммуникативті грамматика: тілге деген коммуникативті көзқарас, коммуникативті грамматиканың бірліктері. Академиялық грамматика. Функционалды-коммуникативті грамматика қазақ тілін оқыту моделі ретінде. Мазмұнды нысандар мен тіл бірліктері. Формальды нысандар мен функционалды-коммуникативті синтаксистің бірліктері. Мәтін Функционалды грамматиканың және оқыту бірлігінің нысаны ретінде. Коммуникация жасаудың тілдік механизмдері. Терминтанудың негізгі ерекшеліктері мен бағыттары

12. Лингвистиканың нысаны ретіндегі мәтін. Мәтіннің типтері мен түрлері. Сөйлеу регистрлері. Сөйлеу ситуациялары. Мәтін теориясы мен тіл үйрету. Коммуникациядағы мәтін. Мәтін бірліктері оның грамматикалық құрылымы. Тілдік байланыстың мүмкіншіліктері мен түрлері. Мәтіннің грамматикалық категориялары. Мәтіндер типологиясы.

Психологиялық негіздер. Семиотико-символикалық көзқарас. Интерпретативті анализ. Дискурстағы ақпарат түрлері. Дискурстың тілдік және тілдік емес мүмкіншіліктері. Мәтін коммуникативті грамматиканың бірлігі ретінде, оның категориялары, регистрлері.

13. Жалпы тіл білімі мәселелерін жоспарлау және ғылымның методологиясы. Қазақстандық лингвистиканың негізгі бағыттары мен ғылыми мектептері.

Әдебиеттанудың өзекті мәселелері

Әдебиеттану ғылымы, мақсат-міндеттері, салалары.

Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы: жетістіктері мен проблемалары. Өнерге жаңаша көзқарас. Әдебиеттану ғылымының зерттеу, қарастыру нысанына, мақсат-міндеттеріне орай оның эстетика, тарих, философия, тіл, мәдениеттану, т.б. ғылымдармен байланысы.

Әдеби процесс — әдеби даму. Әдеби процестің, әдеби дамудың толыққандылығының көрінісі әдеби бағыт. Қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби бағыт, әдеби ағымдар жайлы пікірталастар. Зар заман ағымы т.б.

Әрбір әдеби бағыттың, әдеби ағымның өзіндік бағдары, өзіндік өмір шындығын тану, бағалау, суреттеу ұстанымдары болатындығы.

Абай шығармашылығы арқылы қалыптасқан әдеби бағыт, оның мектебі.

Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық, ағартушылық ағымдар.

XX ғасырдағы кеңестік әдебиет.

Қазақ әдебиетіндегі модернистік, постмодернистік стильдің көріністері.

Шығармашылық үдеріс — жазушы лабораториясы — шығармашылық психологиясы мәселелері.

Бұл мәселені қарастырудың бір өнімді жолы — көркем туындының жазылу тарихын зерттеу, қарастыру. Мәселенің орыс және қазақ әдебиеттану ғылымдарының жай-күйі, төл ғылымымызда кенжелеп келе жатқандығы, одан туындайтын проблемалар.

Шығармашылық тарихты зерттеудің жолдары мен әдістері. Мұндай зерттеудің маңыздылығы мен қажеттілігі. Жазушылық еңбек құпияларын ашуда қаламгердің өмір шындығын өнер шындығына айналдыру барысында сан-сала ізденіс шеберлігін тануға т.б. мүмкіндік беретіндігі. Қазақ әдебиетінде шығармашылық тарихы зерттелген туындылар (М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, т.б.) тағылымы. XX ғасырдағы және қазіргі қазақ әдебиетіндегі кейбір туындыларда модернистік ағымдарға тән суреттеу тәсілдерінің қолданылуы.

«Махаббатнаманың» зерттелуі. Құтып шығармашылығының зерттелуі. Сайф Сарайдың шығармашылығының зерттелуі. «Хұсрау-Шырын» дастанының зерттелуі. Біржан сал Қожағұлұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылықтары.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы шығармашылықтары. 1917-1940 жж. қазақ әдебиеті, 1937 жылы қазақ зиялыларына жасалған репрессия. Ұлы отан соғысы кезіндегі қазақ әдебиеті (1941-1945), 1946-1960 жж. қазақ әдебиеті, Шәкәрім Құдайбердіұлының поэма жанрындағы Абай дәстүрін жалғастыруы. М.Сералыұлының шығармашылығы. 1920-1960 жж. (С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ж. Жабаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов т.б.) қазақ әдебиеті.

Ақпараттық дәуірдегі мәтін

Шығармашылық тарихты зерттеудің жолдары мен әдістері, оның міндет-мақсаты. Орыс және қазақ әдебиеттану ғылымдарындағы текстологиялық зерттеулер жайы. Бұл саланың қазақ тіл білімі ғылымындағы дамуы. Орыс ғылымында текстологияның іргелі ғылыми сала (акад. Д.С.Лихачев т.б. еңбектері) екендігі, бізде кенжелеп қалғандығы.

Махамбет, Абай т.б. қаламгер туындыларының текстологиясына қатысты пікірталастар. Текстолог мамандар даярлау қажеттілігі. Мәтіндік зерттеу, талдаулар жүргізудің ерекшелігі мен қиындықтары, ғылыми маңыздылығы.

Батыс Еуропа әдебиетінде модернистік өнер түрлерінің тууы мен қалыптасуы. Модернистік өнердің мақсат-міндеті. Негізінен реализмге, өмір-болмысты нақтылы тынытуға қарсылығы. Кеңестік әдебиет теориясы мен эстетикасында модернистік өнер түрлерінің айыпталуы, оның себептері.

XX ғасыр басындағы орыс әдебиетіндегі модернистік бағыт-ағымдар ерекшелігі.

Модернистік өнер аясындағы ағым-бағыттардың композиция құруда, сюжет дамытуда, адамның ішкі сырына бойлау және танытудағы кейбір амал-тәсілдерінің озықтығы, пайдалылығы.

Емтихан сұрақтарының тізімі

1. Тілде танымдық лексиканың қолданысы
2. Қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттанымдық зерттеулер
3. Лингвоэкологияда қарастырылатын мәселелер
4. Тіл ғылымындағы жаңа бағыттар
5. Тіл экологиясы. Тіл саясатының субъектілері.
6. Когнитивтік модель, концептілік құрылым.
7. Қазақ дүниетанымының тілдегі көрінісі
8. Қазақ мәтінінің ықтималды-статистикалық үлгісін (моделін) құру
9. Қазіргі қазақ тіліндегі термин қабылдау үдерісі және варианттылық, оның тілдік нормаға әсері
10. А.Байтұрсынұлының – терминжасамға сіңірген еңбегі
11. Қарым-қатынас теориясы, сөйлеу актілерінің теориясы, прагматика
12. Диахрониялық және синхрониялық этнолингвистика
13. Қ.Жұбановтың жалпы фонетика саласы бойынша пікірлері
14. Терминология және тілдік норма
15. Ә.Қайдар – қазақ этнолингвистикасының ғылыми мектебін қалыптастырушы және дамытушы ғалым
16. Тілдің жүйесі мен құрылымы
17. Жаргондық лексиканы қолданудың ерекшелігі
18. М.Балақаев зерттеулерінің маңызы
19. Қазақ фразеологизмдерінің этимологиясы
20. Фразеологизмдердің варианттылығы
21. Этнолингвистика және антропологиялық лингвистика
22. Интерлексика: қазақ тілінің тіларалық байланыс арқылы дамуы
23. В. Фон Гумбольдттың лингвофилософиялық концепциялары
24. Дискурс талдау мен мәтін талдау ерекшеліктері
25. Мәтін бірліктері, оның грамматикалық құрылымы
26. Компьютерлік лингвистика мәселелері
27. Қазақ тілінің соңғы жылдардағы даму динамикасы
28. С.Аманжолов зерттеулерінің маңызы
29. Сөйлеу әрекетіндегі номинация теориясы
30. Сөйлеу әрекетін синтездеу мәселесі
31. Ғылыми-техникалық лексикография
32. Тілдік тұлға және лингвистикалық құзыреттілік
33. Қолданбалы терминтану саласының негізгі ерекшеліктері мен бағыттары
34. Тіл білімінің философиялық мәселелерінің «Адам-Қоғам-Тіл» бірлігінде қарастырылуы.
35. Концептілік құрылым
36. Ұлттық танымдық лексиканың қолданысы
37. Тіл білімінің философиялық мәселелері
38. Гендерлік тіл білімі
39. Лингвоелтанудың негізгі ұғымдары
40. Қазақ тілінің ғылыми және оқу-құралдық модельдері.
41. Мәтіннің грамматикалық категориялары

42. Сөз мәдениеті және тілдік норма
43. Аталым мәселесі, аталымның лингвистикалық табиғаты
44. Сөйлеу әрекетінің семантикалық аспектісі.
45. Лексиканың дамуындағы негізгі бағыттар
46. Мәтіндер типологиясы
47. Тіл философиясының проблемалары
48. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері
49. Фольклор мен әдебиет: ортақ мәселелер мен өзгешеліктер
50. Қазіргі әдебиеттану ғылымы мен әлеуметтік-тарихи фактор
51. Қазіргі қазақ өлеңіндегі түр, мазмұн тұрғысындағы жаңалықтар
52. Қазіргі әдебиеттанудағы модернизм, авангардизм және реализм мәселелері
53. Әдебиеттану ғылымы: жетістіктері мен проблемалары
54. Ұлттық әдебиеттанудың қалыптасу, даму үрдісі
55. Әдебиеттанудағы мифопоэтиканың зерттелуі
56. Көркем шығармалардағы психологизмнің берілу ерекшеліктері
57. Аталым теориясының лингвистикалық табиғаты
58. Әдебиеттану ғылымы: жетістіктері мен проблемалары
59. Қазақ әдебиеті тарихындағы ғылыми мектептер
60. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері
61. Нейролингвистика –тоғыстырушы үрдістердің бірі
62. Компьютерлік лингвистиканың мақсаты мен міндеттері
63. Сөйлеу әрекетіндегі номинация теориясы
64. Сөйлеу әрекетінің семантикалық аспектісі
65. Қазақ тілінің ғылыми және танымдық моделдері
66. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық мәдени аспектілері
67. Қазіргі лингвистиканың ғылыми ұстанымдары
68. Көркемдік әдіс және жазушы шығармашылығы
69. Тарихи поэтика түрлері
70. Әдебиеттанудағы философияның теорияларын қолданатын жаңа бағыттар
71. Қазіргі әдебиеттанудағы постмодернизм бағыты

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. Құрастырған Аманжолов А.С. Алматы «Ғылым» 2002. 366 бет.
2. Арутюнова Н.Д. Язык и мир человека. - М., 1999.
3. Ахманова О.С., Мельчук И.А., Падучева Е.В., Фрумкина Р.Н. О точных методах исследования языка. - М., 1961.
4. Васильев Л.М. Общие проблемы лингвистики. - Уфа. 1998..
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым.1999.
6. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы «Ана тілі » 1998ж. 304 бет.
7. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы «Ғылым» 1998. 140 бет.
8. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным 2001 №4. 39-43б.
9. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 472 б.
10. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (фонетика, лексика). А., 1962.
11. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. А., 1991.
12. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Алматы, Сөздік-Словарь, 2005. 272 б.
13. Оразалиева Ә. Когнитивтік лингвистиканың зерттелуі. Жұлдыз. 2008.
14. Оразалиева Ә. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. Алматы, «Ан-Арыс»2007.
15. Общее языкознание. Внутренняя структура языка / Отв. ред. Б.А. Серебренников - М., 1962.
16. Степанов Ю.С. Семиотика. В 2-х т. - Благовещенск, 1996.
17. Байтұрсынов. Шығармалары, Алматы, 1989
18. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы, 1998, 2006
19. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – А., 1991.
20. З.Қабдолов. Сөз өнері. Алматы, Санат, 2002
21. Қ.Мұхаметжанов. Абай шығармашылығының текстологиясы хақында. Алматы, 1959
22. Р.Нұрғали. Әдебиет теориясы. Нұсқаулық.- Астана, Фолиант, 2003
23. С.Мақпырұлы. Адамтану өнері. Оқу құралы.-Алматы, Арыс, 2009
24. Ж.Жарылғапов. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістері. Қарағанды. 2009
25. Г.Убайдуллаева. Қазақ текстологиясы. Оқу бағдарламасы. Өскемен. 2009
26. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1т. Алматы: Қазақ университеті, 2001
27. Сүйіншәлиев ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – А., 1989

Қосымша әдебиеттер

28. Әдебиеттану. Сөз өнерінің сырлары. – Алматы, Мектеп, 2003
29. М.Әуезов. Әдебиет тарихы. – Алматы, Ана тілі, 1991
30. Т.Кәкішев. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар. Кіт.:
31. У.Қалыжанұлы. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық ағым. – Алматы, Білім, 1998
32. Б.Кәрібозұлы. Сырлы сөз сипаты – Алматы, Қазақ университеті, 1997
33. Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Өлең - сөздің патшасы. - Алматы, 1991
34. Б.Майтанов. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы, 1996
35. С.Мақырұлы. «Ботагөз» романының тарихы. Кіт., Қазына, Арыс, 2004
36. С.Негимов. Өлең өмірі. 1970
37. Б.Омарұлы. Зар заман поэзиясы. Алматы, 2004
38. Г.Пірәлиева. Ішкі монолог. Алматы, 1994
39. З.Серікқалиұлы. Дүниетану даналығы. Алматы, 1994
40. Т.Сыдықов. Қазақ тарихи романының көркемдік тіні.- Алматы, Ер-Дәулет, 1998
41. Р.Сыздықова. Тектология мәселелері. «Қазақ әдебиеті», 27.03.1964.
42. Көкейкесті әдебиеттану. VIII кітап. – Алматы, ЕҰУ 2008
43. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистиканың зерттелуі. Жұлдыз. 2008.
44. Оразалиева Э. Танымдық қазақ тілі. Алматы «Мұрагер» 2005. 176 бет
45. Оразалиева Э. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. Алматы, «Ан-Арыс» 2007.
46. Аханов К. «Тіл біліміне кіріспе», Алматы, 1962ж., Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы.
47. Оразалиева Э. Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. Алматы, «Ан-Арыс» 2007.